


Қарағанды техникалық университеті
Машина жасау факультеті
«Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының оқытушылары
Ж.Е. Алшынынбаеваның және Н.С. Байжуманованың
НВП-19-1, 2 тобының студенттерімен бірігіп ұйымдастырылған
«Ұлы Шоқанның керуен жолымен» атты дөңгелек үстел бойынша
ЕСЕБІ

Тақырыбы: «Ұлы Шоқанның керуен жолымен».

Өткізу формасы: дөңгелек үстел.


Ұйымдастырушылар: КБЖП кафедрасының оқытушылары Ж.Е. Алшынбаева, Н.С. Байжуманова және НВП-19-1, 2 топтарының студенттері.

Мақсаты: Шоқан Уәлихановтың қысқа да, саналы ғұмырында өзінің елі мен халқы үшін қалдырған мұрасынан жан-жақты хабардар ету, игі істерін жастарға үлгі ету. «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» және «Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты мемлекеттік бағдарламаларының шеңберінде Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері туралы мағлұмат бере отырып, өзінің қысқа өміріндегі шығармашылығымен, саяхаттарымен, зерттеулерімен таныстыру.



Өзектілігі:

Әр уақыттың әр кезеңінде халықтың біртуар данышпандары дүниеге келген. Ондай дана перзенттер біртұтас бір тарихи кезеңдегі халықтың мәдени өлшеміне, рухани биігіне айналып отырған. Сондай адамдардың бірі – XIX ғасырда өмір сүрген, кейінгі ұрпаққа рухани-әлеуметтік мұра қалдырған, әлем мойындаған дана ғалым Шоқан Уәлиханов.




Дөңгелек үстел кураторлық сағаттың шеңберінде «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» және «Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты мемлекеттік бағдарламаларының аумағында Шоқан Уәлихановтың 185-жылдығына арналып ұйымдастырылды.


«Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының оқытушылары Ж.Е. Алшынбаева, Н.С. Байжуманова және НВП-19-1,2 топтарының студенттерімен бірігіп, Шоқан Уәлихановтың 185-жылдығына арналған «Ұлы Шоқанның керуен жолымен» тақырыбында 2020 жылдың 16 қараша айында дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырылған дөңгелек үстелге НВП-19-1,2 тобы, «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттері және магистранттар қатысты. Сондай-ақ, «Машина жасау» факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Адамова Г.Х., «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының оқытушылары Исмакова Б.С., Нурмаганбетова М.С., Курымбаева С.К., Умирбекова М.А. қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Шоқан Уәлихановтың әр қырын қарастыру мақсатында спикерлар сөз алды. Спикерлар:


1. Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны (бейнеролик) – Рымбек Толғанай (НВП-19-1);




2. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері және ағартушылық идеялары – Ахметов Даулет (НВП-19-1);



3. Шоқан Уәлиханов туралы басқа ғалымдардың ой пікірлері – Қуаныш Ақнұр (ПО-17-1);




4. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты географ және саяхатшылық жағынан қарастыру – Нұрмағанбетов Мереке (НВП-19-2);




5. Шоқан есімі берілген мекен-жайлар мен ескерткіштер – Битебаев Рахат (НВП-19-2).


Дөңгелек үстелді өткізу барысында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне НВП-19-1,2 топ студенттерімен Ш. Уалихановтың өмір жолы мен еңбектерін зерттеу мақсатындағы саяхаттан үзінді бейнеролигі көрсетілді.



Сонымен қатар, Қарағанды қаласындағы Н. Назарбаев зияткерлік мектебінің тарих пәні бойынша оқытушысы, тарих ғылымдарының магистры Абылайхан Бегайдар Мұратханұлының жолдаған бейне жазбасы көрсетілді.




Дөңгелек үстел қонағы: Қарағанды қаласының М. Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкері Омашева Зәуреш тақырып шеңберінде сөз сөйледі.



Қатысушылар мен студенттер Ұлы Шоқанның керуен жолын баяндай отырып, ғылыми еңбектері мен ағартушылық идеяларын, оның жасаған саяхаттарын, Ш. Уәлиханов туралы басқа ғалымдардың ой пікірлері және Шоқан есімі берілген мекен-жайлар мен ескерткіштер туралы мәліметтер айтылды. Шоқанның ағартушылық идеяларының оқу-тәрбие процесіндегі маңыздылығы ашылды. Ғалым, ағартушы, географ, саяхатшы, демократ, этнограф – Ш. Уәлихановтың білім саласына, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен әлем аренасына насихатталу жолдары талқыланды.

Дөңгелек үстелдің тақырыбын қорытындылау мақсатында КБЖП кафедрасының профессоры Исмакова Б.С. сөз берілді. Тақырып төңірегінде жастарға өзінің ойын-көзқарасын айта отырып, тәрбиелілікке, адамгершілікке және білімдарлыққа шақырды.




Дөңгелек үстелді қорытындылаған оқытушылар Алшынбаева Ж.Е., Байжуманова Н.С.

«Ғалым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған. Дүниені кезіп көргенше, рахат іздеп жатпаған. Құйрықты жұлдыз секілді, туды да көп тұрмады. Көрген, білген өкінді. Мін тағар жан болмады», – деп данышпан

ақын Абай Құнанбайұлы айтқандай, Шоқан қысқа ғұмыр кешсе де, көмбе көкірегене көп нәрсені түйген болатын.

Шоқанның жан-жақты терең білімді, кең ақылды, ұшқыр қиялды, аса ірі ғалым болғанын танытады. Халқымыздың дана перзенттері біртұтас бір тарихи кезеңдегі халықтың мәдени өлшеміне, рухани биігіне айналып отырған. Сондай даналардың бірі – өткен ғасырда өмір сүрген, кейінгі ұрпаққа рухани-әлеуметтік мұра қалдырған, әлем мойындаған дана ғалым Шоқан Уалиханов. Шоқан! Қандай қысқа ғұмыр!? Қандай таусылмас шежіре?! Шығыстану көгінде халқымыздың тарихи болмысының биігінде мәңгілікке жарқырап тұрған жұлдыз Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына (1835-1865 ж.ж) биыл 185 жыл.



Дөңгелек үстелді ұйымдастырушылар:

КБЖП кафедрасының
оқытушылары

Алшынбаева Ж.Е.
Байжуманова Н.С.